Важно отметить, что Казахстан имеет соглашения о предотвращении двойного налогообложения с многими странами, что может повлиять на налоговое обязательство хозяйственных товариществ, особенно если они имеют международную деятельность. [5]

Как уже упоминалось ранее, форма ответственности участников хозяйственных товариществ зависит от их типа. В общих товариществах участники несут солидарную ответственность перед кредиторами, что означает, что их личное имущество может быть использовано для удовлетворения долгов товарищества. В случае командитных товариществ командитисты несут ответственность только в пределах своих вкладов, а управляющие товарищи несут полную ответственность.

Это разделение ответственности может быть важным фактором при выборе структуры хозяйственного товарищества и рассмотрении рисков. [6]

Хозяйственные товарищества в Казахстане играют важную роль в развитии малого и среднего бизнеса, а также привлечении инвестиций. Правительство Казахстана активно поддерживает предпринимательство и стремится создать благоприятные условия для бизнеса. Это включает в себя упрощение процедур регистрации, снижение налоговых бремен и предоставление доступа к финансовым ресурсам.

Более того, в свете быстро меняющейся экономической ситуации в мире, хозяйственные товарищества могут быть ключевым инструментом для развития новых отраслей и технологий, а также укрепления экономических связей с другими странами.

Правовое положение хозяйственных товариществ в Казахстане предоставляет предпринимателям гибкую и эффективную форму организации для ведения совместной хозяйственной деятельности. Важно следовать законодательству и учредительным документам товарищества, чтобы обеспечить успешное функционирование бизнеса. В условиях поддержки со стороны государства и динамичного развития экономики Казахстана хозяйственные товарищества имеют хорошие перспективы для развития и роста.

С учетом всего вышеизложенного, хозяйственные товарищества в Казахстане имеют важное значение для развития экономики и предпринимательской активности, их правовое положение устанавливает ясные нормы и правила, регулирующие их функционирование.

Деятельность хозяйственных товариществ в Казахстане подвергается строгому регулированию со стороны государства. Это включает в себя соблюдение законодательства о налогообложении, бухгалтерском учете, защите прав потребителей и других областях. Органами государственного контроля и надзора в данной сфере являются Министерство национальной экономики, Министерство юстиции и другие компетентные органы.

Правительство Казахстана регулярно вносит изменения в законодательство, чтобы адаптировать его к изменяющимся экономическим условиям и мировым трендам. Предпринимателям и участникам хозяйственных товариществ важно следить за

обновлениями в законодательстве и адекватно реагировать на них, чтобы соблюдать все требования и оставаться в законе. [7]

Правительство Казахстана активно работает над улучшением бизнес-среды и защитой прав инвесторов. Это включает в себя меры по снижению бюрократических барьеров, упрощению процедур регистрации и лицензирования, а также созданию специальных инвестиционных зон и особых экономических зон.

Важным элементом содействия инвесторам является развитие альтернативных способов разрешения споров, таких как арбитражные суды, что способствует более эффективному и быстрому разрешению конфликтов.

Хозяйственные товарищества в Казахстане играют важную роль в развитии предпринимательства и экономики страны. Их правовое положение регулируется законодательством, которое обеспечивает гибкость в организации и управлении бизнесом. Участники хозяйственных товариществ имеют определенные права и обязанности, а также несут ответственность в соответствии с типом товарищества.

Важно отметить, что Казахстан стремится создать благоприятную бизнес-среду и содействует развитию предпринимательства. Инвесторы и предприниматели могут рассматривать хозяйственные товарищества как одну из доступных форм организации бизнеса в стране.

С учетом всего вышесказанного, хозяйственные товарищества играют важную роль в экономическом развитии Казахстана, и их правовое положение обеспечивает стабильность и законность в сфере предпринимательства.

Казахстан активно развивает свои экономические и торговые отношения с другими странами. Это создает дополнительные возможности для хозяйственных товариществ, особенно для тех, которые имеют международную ориентацию. Казахстан является членом множества международных организаций и имеет многосторонние договоры о сотрудничестве и торговле.

Коммандитные товарищества могут быть особенно интересны для иностранных инвесторов, поскольку они позволяют инвестировать с ограничением ответственности. Однако для успешной деятельности за границей необходимо учитывать такие аспекты, как местное законодательство, налогообложение и требования к иностранным инвесторам.

Хозяйственные товарищества могут действовать в различных отраслях экономики, включая сельское хозяйство, производство, торговлю, информационные технологии и многое другое. Каждая отрасль может иметь свои особенности и требования, которые необходимо учитывать при создании и управлении товариществом.

Например, в сельском хозяйстве могут быть применимы специальные программы поддержки и льготы для аграрных товариществ. В информационных технологиях, с другой стороны, может быть важно обеспечить интеллектуальную собственность и защиту данных.

Правовое положение хозяйственных товариществ в Казахстане предоставляет предпринимателям и инвесторам широкие возможности для развития бизнеса. Это форма организации, которая позволяет объединять ресурсы и опыт нескольких участников с целью совместного развития проектов и достижения коммерческих целей.

Однако успех хозяйственных товариществ зависит от строгого соблюдения законодательства и правил, а также учета особенностей конкретной отрасли и международных аспектов. Инвесторы и предприниматели, желающие использовать эту форму организации, должны тщательно изучить правовой статус и процедуры создания и управления хозяйственными товариществами в Казахстане.

Список литературы

1. Закон Республики Казахстан "О хозяйственных товариществах" (https://online.zakon.kz/m/document/?doc_id=1006606#)

2. Бизнес-портал Республики Казахстан "Регистрация хозяйственных товариществ (<https://business.gov.kz/ru/article/article/article-129/>)
3. Закон Республики Казахстан "О хозяйственных товариществах" (https://online.zakon.kz/m/document/?doc_id=1006606#)
4. Закон Республики Казахстан "О хозяйственных товариществах" (https://online.zakon.kz/m/document/?doc_id=1006606#)
5. Министерство национальной экономики Республики Казахстан "Налогообложение хозяйственных товариществ (<https://economy.gov.kz/ru/taxation-of-general-partnerships-and-limited-partnerships>)
6. Закон Республики Казахстан "О хозяйственных товариществах" (https://online.zakon.kz/m/document/?doc_id=1006606#)
7. Министерство национальной экономики Республики Казахстан (<https://economy.gov.kz/ru>)

ИННОВАЦИОННОЕ ОБРАЗОВАНИЕ ТЕХНОЛОГИЯМИ НЕОСНОВЕ ПСИХОЛОГИЧЕСКОЕ ИССЛЕДОВАНИЕ МЕТОДОВ СИСТЕМНОГО ПОИСКА ЭКСПЕДИМЕНТОВ

*Аққонысова Аңсаған Самғатқызы,
Мақуатова Ақгүл Жанболатқызы*

*Магистрант, Алматы технологиялық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
Исмаилова Роза Байжумановна
П.ғ.к, сениор-лектор, СГД кафедрасы. Алматы технологиялық университеті.
Қазақстан, Алматы қ.*

Түйіндеме: Мақалада инновациялық оқыту технологиялары негізінде психологиялық зерттеу әдістерін жүйелеудің ерекшеліктері қарастырылған. Сондай-ақ, мақалада психологиялық әдістердің түрлері мен олардың деңгейлері көрсетілген.

Түйінді сөздер: психология, психодиагностика, әдіс, модельдеу, формальды, формальды емес әдістер, дедуктивті, индуктивті, модельдеу.

Психологиядағы барлық әдістемелік ізденістер, адамды жүйелі зерттеуде басқа да ғылыми салалар әдістерімен өзара тығыз байланыста болу қажеттілігімен ерекшеленеді. Әсіресе, ұстанымдар мен әдістерді нақты анықталған мақсаттарға сәйкес жіктеу үлкен маңызға ие болып отыр.

Диалектикалық дамудың айқындаушы маңызы психологияның әртүрлі генетикалық және тарихи ұстанымдарын алдыңғы орынға шығарды. Қазіргі психологиядағы генетикалық және тарихи ұстанымдардың гносеологиялық маңызы, бұл ұстанымдардың психологияның барлық аймағындағы нақты зерттеу әдістерін анықтауында. Психология алдында тұрған теориялық және тәжірибелік міндеттердің жаңаша ұйымдастырылуына байланысты оның философиялық, психологиялық-педагогикалық негіздері жан-жақты қарастырылуда. Психологиялық ғылым жүйесінде осы өзгерістерге орай психологиялық қызметтің негізгі бағыты – психодиагностиканың зерттеу әдістерінің де өзіндік ерекшелігі бар. Психодиагностика – зерттеу барысында әдіс-тәсілдер мен әдістемелерді қолданудағы практикалық психологияның негізгі саласы [1].

Психологияның теориялық және эмпирикалық әдістері ғылыми психологиялық білім алуға бағытталған жалпы мақсатты көздейді. Бұл білім негізінде теориялық жалпы бақылау мүмкіндігі болатын тәжірибелі мәліметтер немесе эмпирикалық заңдылықтарды анықтайтын психологиялық заңдар қалыптасады. Біз психологиялық зерттеу құрылымының негізгі теориялық-эмпирикалық шеңберінде жүзеге асатын әдістердің негізгі тобын қарастырамыз.

Әдетте теориялық әдістердің жіктелуі сол немесе басқа да психологиялық теория құрылымынан бөлек қарастырылмайды. Сонымен қатар негізгі эмпирикалық әдістер психологиялық теорияның құрамдас бөлігімен байланысты болады. Жалпы ғылыми эмпирикалық зерттеу әдістеріне бақылау, эксперимент және өлшеу әдістері жатады.

Қазіргі жүйелеуде әдіс және әдістеме ұғымдарын ажырату өте маңызды. Егер әдістеметану жолын эмпирикалық мәліметтер жиыны, тәсілі ретінде эмпирикалық зерттеу құрылымы ажыратса, онда әдіс психологиялық көрсеткіштер мен оларды басқару тәсілі немесе техникасын сипаттайды.

Б.Г. Ананьевтің көзқарасы бойынша психодиагностикада психологиялық зерттеу әдістері психологиялық ғылымның психикалық объектілер жүйесі, сонымен қатар гносеологиялық объектілері болып табылады [2].

Психологияда эмпирикалық әдістерді қолдану мәселелері жүйелік амал талаптарына байланысты, психологиялық әдістер жүйесінің түрлерін анықтау қарастырылады. Олардың бес деңгейін бөліп көрсетуге болады:

1. әдістеме деңгейі;
2. әдістемелік тәсіл деңгейі;

3. әдістер деңгейі (эксперимент, бақылау және т.б.);
4. зерттеуді ұйымдастыру деңгейі;
5. әдіснамалық амалдар деңгейі;

Әдіс ұғымы кез-келген деңгейде қолданылуы мүмкін. Мысалы психофизикада орташа қателік әдісі, әдіс шегі, психодиагностикада жобалық әдіс (2 деңгей), психосемантикада семантикалық дифференциация әдісі және репертуарлық тор әдісі (1 деңгей), даму психологиясында психогенетикалық әдіс пен оның көп түрлілігін талдайды. Психологиялық зерттеуде қолданылатын деңгейлік бөлу әдісін Т.Д. Пирьев былай тұжырымдайды:

1. Өзіндік әдістер (эксперимент, бақылау, модельдеу және т.б.);
2. Әдістемелік тәсілдер;
3. Әдістемелік амал (генетикалық, психофизиологиялық және т.б.);

С.Л. Рубинштейн өзінің «Жалпы психология негіздері» атты еңбегінде басты психологиялық әдістер ретінде эксперимент пен бақылауды бөліп көрсетті. Бақылау «ішкі» және «сыртқы» болып екіге бөлінеді (өзіндік бақылау). Эксперимент табиғи, лабораториялық және психологиялық-педагогикалық, оған қосымша физиологиялық эксперимент әдістері – оның негізгі модификациясы (шартты рефлекс әдісі) болып бөлінеді. Сонымен қатар іс-әрекет нәтижесіне қарай зерттеу тәсілі мен әңгімелесу және анкета әдістерін де қарастырады. Психологиялық зерттеуде Б.Г. Ананьевтің еңбектері отандық психологияда жетекші орында болды. Б.Г. Ананьев еңбегімен таныса отырып, болгар психологы Г.Д. Пирьев зерттеу әдістерін былай жүйелейді: бақылау (объективті – тура және жанама, субъективті – тура және жанама), эксперимент (лабораториялық, табиғи және психологиялық-педагогикалық), модельдеу, психологиялық мінездеме, қосымша әдістер (математикалық, графикалық, биохимиялық және т.б.) және арнайы әдістемелік амал (генетикалық, салыстырмалы және т.б.). Бұл әдістердің әрқайсысы басқа да әдістер қатарына бөлінеді. Мысалы: бақылау сауалнамаға, сұрақтарға, іс-әрекет нәтижесін оқуға бөлінеді.

Б.Г. Ананьев Г.Д. Пирьевтың әдістер классификациясын сынай отырып, психологиялық зерттеу әдістерінің жүйесін былай топтастырады: 1) ұйымдастыру; 2) эмпирикалық; 3) мәліметтерді өңдеу; 4) интерпретациялық.

1. Ұйымдастыру әдісіне Б.Г. Ананьев салыстырмалық, кешендік және лонгитюдтік әдістерді жатқызды.
2. Эмпирикалық әдістерге обсервациялық әдістер (бақылау және өзін-өзі бақылау), эксперимент (лабораториялық, далалық, табиғи және т.б.) психодиагностикалық әдіс, іс-әрекет нәтижелері мен үрдісті талдау (праксиометрлік әдістер), модельдеу және биографиялық әдістер жатады.
3. Мәліметтерді өңдеу әдістері: математикалық-статистикалық талдау және сапалық сипаттау әдістер.
4. Интерпретациялық әдістер: генетикалық (филогенетикалық, онтогенетикалық) және құрылымдық әдістер (классификациялық, типтік және т.б.).

М.С.Роговин мен Г.В.Залевский еңбектерінде жоғарыда аталған зерттеулерді қарастыра отырып, өздерінің жүйесін ұсынады. Бұл авторлардың көзқарастары бойынша әдіс – бұл таным үрдісі кезінде объект пен субъект арасындағы қатынастардың көрінісі. Олар негізгі психологиялық әдістерді алты топқа бөлді:

1. Герменевтивті – ғылымның ой операциялары және әдістері бөлінбеуіне сәйкес;
2. Биографиялық – психика ғылымында таным объектісінің тұтастығын көрсету;
3. Бақылау – таным объектісі мен субъектісінің дифференциациясы
4. Өзіндік клиникалық – сырттай бақылаудан ішкі механизмге ауысу міндеті;
5. Өзіндік бақылау – алдыңғы дифференциация негізінде субъектінің объектіге ауысуы;
6. Эксперимент – таным үрдісі кезінде субъект ролі саналатын, объектіні тану кезіндегі субъектінің белсенді қарама-қайшылығы;

Психологтар тек эмпирикалық психологиялық әдістердің жіктелуіне ғана тоқталды, ол үшін олар модельдерді герменевтивтік әдістер қатарына қосуға бейім болды. Модель –

субъектінің объектіге және өзіне деген рефлексивті қатынасы, субъектінің рационалды қарама-қайшылығы [3].

Психологиялық зерттеу әдістерін жүйелеу мен бейнелеудің ерекшеліктері зерттеудің эмпирикалық әдісі мен жалпы психологиялық әдістердің арасындағы ерекшелігін анықтаудағы белгілі бір жағдайлар. Басқа ғылымдардағы сияқты психологияда әдістің үш класы бөліп қарастырылады:

1. Эмпирикалық – зерттеудің субъектісі мен объектісі өзара нақты қарым - қатынаста жүреді;
2. Теориялық – субъект пен модельмен объект ойша әрекет етеді (зерттеу нысанымен);
3. Интерпретация немесе суреттеу – субъект сырттай объектінің белгілік-символдық болжамдармен (графиктермен, кестелермен, схемалармен) әрекет етеді;

Әдістің бірінші тобын қолданудың нәтижесі болып құралдар көрсеткіштерімен объектінің жағдайын бекітетін мәліметтер, субъектінің жағдайы компьютер жады, іс-әрекет өнімдері және т.б. табылады.

Теориялық әдістерді қолдану нәтижесі табиғи тілдік, белгілік-символдық және кеңістіктік-схемалық түрінде ұсынылған.

Интерпретациялық суреттеу әдісі теориялық және эксперименттік әдістерді қолдану нәтижелері мен өзара әрекет ету орындары. Эмпирикалық зерттеу мәліметтері бір жағынан біріншілік өңдеуге және индуктивті гипотез, модель, зерттеу теориясын ұйымдастыру жағынан нәтижелер талаптарына сәйкес ұсынылады. Екінші жағынан бұл нәтижеге гипотездің сәйкестігі концепциясымен бәсекелесу терминінің мәліметтерінің интерпретациясы жүреді. Интерпретация өнімі болып факт, эмпирикалық тәуелділік және гипотезді қолдау немесе жоққа шығару болып табылады.

Психологиялық зерттеулердегі теориялық әдістер түрлері:

1. Дедуктивті (аксиоматикалық және гиподедуктивті) – жалпыдан – жекеге, абстракциядан – нақтыға. Нәтижесі теория, заң және т.б.;
2. Индуктивті – фактілерді жалпылау, жекеден-жалпыға. Нәтижесі-индуктивті гипотез, заңдылық жіктеу, жүйелеу;
3. Модельдеу – ұқсас әдістерді нақтылау, «трансдукция» жекеден-жекеге, күрделі объект орнына зерттеуге қолайлы қарапайым объект алынуы.

Нәтижесі – объект моделі, үрдіс жағдайы;

Бастауын философиялық психологиядан алатын психологиялық теория әдісінен көрнекілі-ой әдісін айыру қажет. Ой қорытындысы–ғылыми фактілерге немесе эмпирикалық заңдылықтарға сүйенбейді, автордың концепциялық өзіндік біліміне (субъективті шындық, интуиция) негізделеді. Көрнекі ойшыл психолог философ ретінде өз көзқарасы бойынша психологияның моделі немесе оның жеке құрамының модельдерін (тұлға теориясы, қарым-қатынас, ойлау, шығармашылық, қабылдау және т.б.) тудырады. Ой қорытындысы құрамына рационалды, иррационалды білімдерін біріктіретін, тұтастық және эмпирикалық зерттеу кезінде шындықтарды түсіндіру негізі қарастырылады.

Модельдеудің екі негізгі түрі бар: құрылымдық–функционалды және функционалды-құрылымдық. Бірінші жағдайда зерттеуші оның сыртқы болмысына қарай жеке жүйесі құрылымын анықтайды. Ол үшін ол ұқсасты (бұл жағдайда модельдеу) құрастырады немесе ұқсас болмысы бар басқа жүйені таңдайды. Мұндай болмыс (ұқсастықтар нәтижесінің ережесі негізінде) құрылымдар ұқсастығы туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Модельдеудің бұл түрі психологиялық зерттеудің негізгі әдісі және табиғи ғылыми психологиялық зерттеудің негізі болып табылады. Екінші жағдайда модельдеудің құрылымдық ұқсастығы мен бейнесін зерттеуші ортақ функциясымен сыртқы көріністері және т.б. сипатталады. Бұл әдіс көптеген ғылымдарда таралған, соның ішінде салыстырмалы анатомияда, палентологияда, мәдениеттануда және т.б. Басқа адамның психикалық болмысын түсіну мүмкін емес, бірақ әр субъектінің өзінің жеке болмысы бар, сондықтан функционалды-құрылымдық модельдеу мен герменевтивтік әдістердің ұқсастығы бар. Сол

себеіті М.С. Роговин мен Г.В. Залевский модельдеу әдісін герменевтивтік әдістер қатарына қосты.

Интерпретациялық-бейнелеу әдісі психологиялық зерттеуде маңызды роль атқарады. Көбінесе зерттеушінің бұл әдістерді жете меңгеруі ғылыми бағдарламаның жетістігінің дәлелі. Психологиядағы бейнелеу әдісінің ерекшеліктері – теорияны сипаттау мен эмпирикалық мәліметтерді суреттеудің арасындағы айырмашылық келтірілмесе де В.А. Ганзеннің монографиясында толықтай сипатталған [3]. Адам зерттелуші ретінде іс-әрекет, таным субъектісі болып табылады. Сондықтан эмпирикалық психологиялық әдістерін жіктеу кезінде бұл ерекшелікті ескеру қажет. Психологияда интерпретациялық немесе зерттелушінің болмысын түсіндірудің маңызы зор.

Түсіну үрдісі өлшеу үрдісіне қарама-қарсы. Өлшеу кезінде зерттеу нәтижесін объективті тұрғыдан қарап, интерпретация жасалады.

Психологиялық зерттеудің екі спецификалық белгісін көрсететін барлық психологиялық эмпирикалық әдістердің орналасуын кеңістік осьтері арқылы сипаттайды. Біріншісі – зерттеуші мен зерттелушінің әрекеттерінің бар-жоқтығы немесе әрекеттің белсенділігі. Ол клиникалық экспериментте максималды, өзіндік бақылауда минималды (зерттеуші мен зерттелуші бір тұлға). Екіншісі – процедураның объективтілігі мен субъективтілігін тестілеу (немесе өлшеу) және басқа адамның болмысын «таза» түсіну, «сезіну» эмпатия, оның іс-әрекетінің тұлғалық интерпретациясы болып табылады. Екінші жағдайда зерттеушінің жеке тәжірибесі, жеке ойлары .

Психологиялық әдістерді тура бөлетін екі спецификалық белгіні басқаша да атауға болады. Біріншісі – «екі субъект – бір субъект» осін немесе «сыртқы диалог – ішкі диалог» түзеді. Екіншісі – «сыртқы» құралдар – «ішкі» құралдар немесе «интерпретация» түзеді. Бұл осьтермен түзілген квадраттарда негізгі психологиялық эмпирикалық әдістерді орналастыруға болады. Бұл жерде психологиялық эксперимент зерттелушімен әрекет, оның болмысының объективті үйлесімі болып табылады. Олардың қатарына бақылау, әңгімелесу және «архивтік» әдіс (іс-әрекет өнімдері мен болмысты талдау) жатады.

Қазіргі кезеңде психологиялық диагностика зерттеулерінде әдістер сапалық ерекшеліктеріне қарай екі топқа бөлінеді: формалды және формалды емес әдістер. Формалды әдістер түрлері: тестер, сұрақ жауап, психофизиологиялық әдістер және проектілі техникалық әдістер. Оларға тән негізгі сипаттар: нақты бекітілген ережеге сәйкес болуы; зерттеу барысында берілген нұсқауды дәл сақтау және процедура объективті жүргізілуі тиіс; алынған мәліметтерді стандартты өңдеу тәртібі бойынша қорытындылау; диагностикалық эксперимент қорытындыларын жүргізу; сенімділігі, бұл объектіге қатысты өлшеу процедурасының орнықтылығы; валидтылығы, яғни бұл барлық зерттеу процедурасының алынған нәтижелер объектілері қасиетіне қатысты болуы; формалды әдістер арқылы белгілі бір уақыт аралығында диагностикалық ақпарат алуға және индивидті өзара сандық, сапалық жағынан салыстырмалы түрде сипаттауға болады.

Формалды емес әдістер: бақылау, әңгімелесу, іс-әрекет нәтижесіне талдау жасау әдісі. Психикалық процестері, қасиеттері және психикалық кейпінің жалпы көріністері мен олардың мазмұнына қарай ерекшеліктерін білуге болады. Мысалы мақсаттар динамикасы, тұлғалық қасиеттері, көңіл күйі, психикалық кейпі т.б. Кешенді психологиялық диагностикалық зерттеу барысында бұл екі топтағы әдістер бір-бірін толықтырып, байланысты бірлікте қолданылады [4].

Психологияда, басқа ғылыми салалар, соның ішінде, жаратылыс туралы жалпы ғылымдар (механика, физика мен химия) әдістерін қолданудың ғасырлық тәжірибесі бар. Шын мәнінде де, психофизика қалыптасуымен байланысты эксперименталды психология тарихы жалпы физика әдістерін қолданудан басталды. Соңғы онжылдықтарда жаратылыстану әдістерін психологиялық өңдеу қарқынды дамып келеді. Жоғарыда көрсетілген, математика – кибернетикалық әдістерді психологиялық әдістерге өңдеуден басқа да, салыстырмалы психологиямен дифференциалды психологияның да қазіргі генетика әдістерін қолдануларын атап өтуге болады. Сонымен қатар, медициналық және

патологиялық психологияда, нейропсихология мен дифференциалды психологияда жаңа биохимиялық әдістер де кеңінен қолданыс табуда. Жаңа биохимия мен фармакология негізінде құрылған психофармакология ғылыми саласымен қоса алғанда, биохимиялық әдістер жүйке – психикалық қызметті тануда жаңа мүмкіндіктер ашты.

Салыстырмалы психологияның жаңа даму кезеңі, жоғарғы жүйке қызметі физиологиясының классикалық әдісі болып табылатын шартты рефлексдер әдісін және қазіргі эксперименталды экологияның ең жаңа әдістерін қолданумен байланысты. Қазіргі эксперименталды психологияға ең жаңа электрофизиологиялық әдістердің де әсері зор [5].

Психологияның әдістемелік дамуындағы жаңа қадам, онда әртүрлі әлеуметтік ғылымдардың эксперименталды емес әдістерін де қолдану болып отыр. Жеке тұлғаны психологиялық зерттеу мүмкіндіктерін кеңейтетін бұл әдістер қатарына тілтанудың салыстырмалы әдісі, әдебиеттанудағы мәтіндік әдіс, тарих ғылымындағы құжаттану мен өмірбаяндық әдістер, әлеуметтік статистика әдістері және т.б. жатады. Тарихи, әлеуметтік және дифференциалды психологияның, өнер психологиясы мен ғылым психологиясының, салыстырмалы психологияның дамуына байланысты психологиялық зерттеу әдістері саны жағынан да, сапасы жағынан да дамып келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ананьев Б.Г. О проблемах современного человекознания. - СПб.: Питер, 2000. - С.272
2. Корнилова Т.В., Смирнов С.Д. Методологические основы психологии. - СПб.: Питер, 2008.-С.70-77.
3. Дружинин В.Н. Экспериментальная психология. - СПб.: Питер, 2008. - С.35-40.
4. Психологическая диагностика / Под. ред. М.К. Акимовой, К.М. Гуревича. - СПб.: Питер, 2008. С. 55-66.
5. Психодиагностика: теория и практика / Общ. ред. Н.Ф. Талызиной. - М.,1986. - С. 124-155

САЙРАМ-ӨГЕМ МЕМЛЕКЕТТІК ҰЛТТЫҚ ТАБИҒИ ПАРК АУМАҒЫНДА КЕЗДЕСЕТІН ТҮРКІСТАН ДОЛАНА АҒАШЫНЫҢ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ТАРАЛУ АЙМАҒЫ, ӨСУ ЕРЕКШЕЛІГІ, АУРУ САЛДАРЫ

Дилдабаева А.Н.

*М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті
Сайрам-Өгем мемлекеттік ұлттық табиғи паркі
Шымкент Қазақстан*

Аңдатпа

Долана (*Crataegus*) - раушангүлділер тұқымдасына жататын бұта немесе ағаш. Тікенекті бұталы өсімдік немесе шағын ағаш түрінде кездесетін долананың биіктігі шамамен 2-8м болып келеді. Жапырақтарының ұзындығы - 6 см, ені - 4-5 см көлемінде. Барлық сұрыптары көктемде қалың гүл ашады. Гүлдері қызыл, ақ, қызғылт түсті болады. Мамыр айының соңында гүлдері шыға бастайды да, маусымның ортасында гүлдеп бітеді. Гүлдегеннен кейін кішігірім қызыл, сары, кейде қара түсті домалақ жеміс береді. Жас көшеті жеті жылдан кейін ғана жеміс салады. Долананың шаң мен газға төзімділігін және ауа тазартатын қасиетін ескере отырып, оны қала көшелеріне молынан егеді. Бірақ қала көшелеріне егілген долананың жемісін жеуге болмайды. Бойы аса биік емес әрі тікенекті болғандықтан, долананы көбінесе жасыл қоршау жасауға қолданады. Жаз айларында қырқып-пішіндеуге болады. Өсуі жай болғанымен, долана төзімді ағаш болып саналады. Долана ағашы Қазақстанның таулы аймақтарында көптеп кездеседі. Нақтылай кетсек Солтүстік Қазақстан, Семей, Шығыс Қазақстан, Алматы және Түркістан облысының таулы аймақтарында өседі. Сайрам-Өгем мемлекеттік ұлттық парк аумағында Түлкібас, Төлеби филиалдарында долананың үш түрі, атап айтқанда Түркістан (*C.Turkestanica*), Жоңғар (*C.Songorica*) және Понтий (*C.Pontica*) доланалары кездеседі.

Кілт сөздер: Сайрам-Өгем МҰТП, Батыс Тянь-Шань, долана, географиялық таралу аймағы, ауру салдары, жемісі, гүлі, ауа-райы, тафрина.

Кіріспе

Қазақстанның жер аумағының географиялық орнына яғни, ауа-массаларына, мұхиттардан алшақ болуына, үлкен аумақты алып жатуына байланысты климаты ерекше. Климатымыздың **шұғыл континентті**, яғни жазы өте ыстық, қысы өте суығына байланысты елімізде ағаш-бұта саны аз деуге де болады. Күн сәулесінің тік түсуінен және Солтүстік мұзды мұхитынан келетін артикалық, Орта Азия мен Ираннан келетін тропиктік және Атлант мұхитынан қоңыржай ауа массаларының әрекетінен елімізде 4 табиғат зонасы қалыптасқан.

Қазақстанның табиғат зонасына қарап шөлді аймақтар басым көпшілік жерімізді алып жатқаны белгілі. Ал шөлді аймақтарда сексеуілден (48%) басқа ағаш-бұталардың өсуі кем де кем. Тек өлкеміздің оңтүстік, оңтүстік шығыс аймағын биік таулар алып жатқандықтан флорасы өзгеше болып келеді. Сайрам-Өгем мемлекеттік ұлттық табиғи паркі еліміздің Батыс Тянь-Шань тауының аумағын алып жатыр. Осыған орай ұлттық парк аумағының климаты ерекше. Жер рельефі бойынша біркелкі емес (дала, тау бөктері, таулар) яғни ендігі бойынша үлкен аумақта орналасқандығына байланысты әртүрлі айырмашылықтарымен ерекшеленеді. Ауа-райы жылудың көптілігімен, құрғақшылық және континентальдығымен айшықталады. Жоғары континентальдық күн мен түннің, жаз бен қыстың, күрт жылудың өзгерістерін көрсетеді. Парк аумағында абсолюттік жоғарғы температура – 40°C, абсолюттік төменгі температура – 30°C. Температураның абсолюттік жылдық амплитудасы -87°C жетеді.

Зерттеу мақсаты

Түркістан доланасының географиялық таралу аумағына баға бере отырып, ерекшеліктерін көрсету, ауру салдарын анықтау.

Зерттеу нәтижелері және оны талдау

Батыс Тянь-Шань аймағының табиғи аумағы күрделі құрылымға ие. Бұл жағдай аймақтың ішкі континентальды орналасуымен, ірі массивтердің болуымен байланысты 5 аймаққа бөлінген:

Атап айтқанда биік таулы нивальді аймақ; биік таулы шалғынды және шалғынды-далалы аймақ; таулы және тауалды, аршалы сирек тоғайлы, бұталы және күрделі бұталы саванналар аймағы; тауалды аймақ; таулы-далалы аймақтың климаты жоғары континенталды аймақ болып бөлінеді.

Парк аумағында долана 600м бастап 2500м-ге дейінгі аралықтарда өседі. Яғни тауалды аймақпен таулы және тауалды, аршалы сирек тоғайлы, бұталы және күрделі бұталы саванналар аймағында кең ұшырасады. Долана ағашының жапырақтары қауырсын қанатты немесе майда жапырақшалы тікенекті. Жемістері - шырынды, 1-5 қатты сүйекшелері бар, қанық қызыл немесе сарғыш түске боялған, көпшілік түрлерде жеуге жарамды. Кейбір түрлерінде олар айтарлықтай ірі, піскен уақытында жұмсақ, тәтті немесе қышқылтым тәтті. Жеміс беретін түр ретінде қолдануға болады. Долананың жемісі өте дәмді, оның құрамында 10% қант, 0,5 % алма қышқылы, 30 мг % аскорбин қышқылы, көп каротин бар. Жемісті қызыл түске бояп тұрған да осы каротин. Көпшілік доланалар өте қатты бұтақтанатын жуан қисық дің түзеді. Көп жағдайда олар таза, сирек ағаштарды түзеді, бірақ арша, тау пістесі, алма және басқа ағаш тектес түрлермен араласып та кездеседі. Доланалардың қалың және әсем болып гүлдеуі, ағаштарда ұзақ сақталатын қанық түсті жемістері, оларды көгалдандыруда көптеп пайдалануға мүмкіндік береді. Оларды топтастырып немесе жеке отырғызады. Қалың өсетін және қайталанбас әсем қоршаулар түзеді. Кейбір түрлері қысқа алмалар мен алмұрттарға телу үшін де қолданылады. Тұқымдарымен көбейеді. Көптеген доланалар тамыр қосымшаларын түзеді, түбіртек діңнен өсіп қалпына келеді. Жарықсүйгіш, суыққа төзімді, сыртқы ортаның әртүрлі қолайсыз жағдайларына өте төзімді, ол бұтағанды күзегенді жақсы көтереді.

Менің зерттеу практикама алынған Түркістан доланасы (*C.Turkestanica*). Биіктігі 8 м ағаш. Сүрегі мен бұтақтарының қабығы қанық сұр түсті. Өркендері сұр-қоңыр, сиректеу бүршікшелері бар. Тікенекшелері қысқа (1,5 мм дейін) көп емес. Ағаштағы жапырақтары екі түрлі: гүлді өркендерінде - ұзын үш бұрышты негізінде ромб тәрізді, үшкірленген, жасыл, төменгі жағы ақшыл, өсетін өскіндері мен бұтақшаларында - біршама жуан, үш бөлшекті, жуан қисық тісшелі жапырақшалары бар. Сәуірде гүлдейді. Гүлдеуі 5-8 жылдық өсімдікте байқалады. Гүлдері жартылай шатыр, ақ. Жемістері қазан айында пісіп жетіледі. Олар сопақшалы, ірі емес (12мм-ге дейін), алқызыл тегіс, жуан қатпары бар, жеуге жарамсыз. Жемісінің қалың сары еті бар, бір сүйекті. Бірінші жылы баяу өседі, 8-9 жасында биіктігі 1 метрден аспайды. Уақыт өте келе өсуі жылдамдайды. Ағаш 30-36 жылда соңғы биіктігіне жетеді. Тамыр жүйесі шашақты, көлденең тамырлары жан-жағына 8-10м қашықтыққа кетеді. Таулы мелиорацияларда үлкен орын алады. Өте әсем болып есептеледі. Таулардың тасты құламалары мен биіктігі 2000 м шатқалдарында өседі. Жоғарыда атап өткендей таулы және тауалды аймақтарда өседі.

Ұлттық парк аумағында Түркістан доланасы Біркөлік, Дәубаба шатқалдарында кездеседі. Менің зерттеуім барысында Біркөлік шатқалындағы доланаларды қарадық. Долана ағашы негізінен топырақ талғамай кез келген ағашпен үйлесімділікпен өсе береді. Ал менің мысалымда долана ағашы өрік ағашымен араласа өскен, және өзен аңғарларында көптеп кездесті. Бақылау барысында ағаштардың биіктіктерін, тығыздылығын, жеміс беруін және санитарлық тазалығын бақылау басты міндет болды. Бақылау нәтижесінде ағаштардың орташа биіктігі 1,5-2м құраса, тығыздылығы бірқалыпты, барлық ағаш дерлік жеміс салған бірақ қазіргі таңда ағаштардың барлығы паразит жұқтырып ауырған. Ағаштардың ауруы ең

алғашында жапырақтарының ерте сарғаюымен білінсе, кейін келе жемістерінде дақтар пайда болып, жеміс пен жапырақтарда ұсақ жіптер түзілген (шаш сияқты).



1-сурет Долана ағашының ауруы

Ең алғаш күн тік түсетін, қасында ешқандай ағаш көлеңкелеп тұрмаған ағаштарда сарғаю процесі баяулаған. Бұны алғашында жергілікті инспекторлар күннің ыстықтығымен байланыстырған. Кейіннен келе сарғаю процесі ұлғайып, жемістерге дақ түсу басқа ағаштардан (өзен аңғары мен алшақ орналасқан долана ағаштарына да ауыса бастаған). Бақылау барысында әр ағаштың 70% -на дерлік жемістеріне дақ түсіп, ұсақ жіптер шығып кеткен. Бұл ағаштардың бәріне паразиттік тіршілік ететін көбелектер және жел арқылы жүкқан.

Ауруды зерттей келе бұл Тафрина (*Taphrina*) саңырауқұлағы екені белгілі болды. Тафрина (*Taphrina*) — тафрин (*Taphrinaceae*) монотипті тұқымдасына жататын аскомицет саңырауқұлақтарының бір түрі. Тұқымдастың барлық өкілдері жоғары сатыдағы өсімдіктердің паразиттері (папоротниктер мен гүлді өсімдіктердің), олар жапырақ пен жемістерге әртүрлі зақым келтіреді. Бұл саңырауқұлақтар тудыратын аурулар ауылшаруашылық өсімдіктеріне, атап айтқанда жеміс ағаштарына, сондай-ақ орман және басқа екпелерге зиян келтіруі мүмкін.

Долана ағашы жоғарыда атап өткендей раушангүлділер тұқымдасының туысы. Раушангүлділердің ерекшелігі бірінші паразит личинкасын жапырағына тастайды. Одан кейін гүлі енді тозаңданып жатқанында, гүліне түсіп сонда дамып жетіліп жеміс сала бастағанында жемісінің ішіне қарай өтеді. Жемісті ішінен бүлдіріп, жемістерде жіптер түзіледі, жапырақтарында да әртүрлі мөлшердегі және пішіндегі дақтар пайда болады, өзіне тән емес түске ие болады, зақымдалған жапырақтардағы хлорофилл біртіндеп жойылады. Біз зерттеген Түркістан доланасында нақты осы белгілер байқалды.

Қорытынды

Зерттеу жұмысымызды қорыта келе Түркістан доланасының негізі таралу аймағы 600-2000м аралығында нақты кездеседі. Басқа долананың түрлеріне қарағанда ерекшелігі тез өсуінде және топырақты мүлдем талғамай тастақ жерде де, өзен бойында да, құм жерде де өсе береді. Күннің көзіне өте төзімді, аптақ ыстықта да тіршілігін жалғастырады. Долана ауруына тек паразиттің ғана емес экологиялық проблемалардың да әсері бар. Зерттеу барысындағы Түркістан доланасының өсу аймағында демалыс шипажайлары кездесті. Бұл шипажайлардан шығатын қоқыс және атмосфераға шығатын қоқыс(көліктер, түтін мұржалары, зауыттар) өзіндік зияның тигізуде.

Әдебиеттер тізімі

1. Польшбетова Ф.Ә., Әбиев С.Ә., Сәрсенбаев Б.Ә. Пайдалы өсімдіктер әлеміне саяхат (шығуы, таралуы және биологиялық ерекшеліктері). – Алматы: Ғылым, 1999. -79 б.

2. Оңтүстік Қазақстанда ағаш-бұта өсімдіктерінің және жануарлар дүниесінің гендік қорын сақтау және көбейту- Шымкент «Кітап» ЖШС, 2012.-52 б.
3. Молдабергенов А.Ш. Атамекен (Қазақстанның хайуанаттар дүниесі өсімдіктер әлемі және оларды қорғау). – Алматы: Қайнар, 1983-129 б.
4. Сайрам-Өгем мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің ғылыми еңбектер жинағы. Шымкент: «Әлем» баспасы, 2012ж.-15б.

ОҚУ ПРОЦЕСІНДЕ ҚОЛАЙСЫЗ (ПРОБЛЕМАЛЫҚ) ЖАҒДАЙ ЖАСАУ АРҚЫЛЫ СТУДЕНТТІҢ КӘСІБИ ШЕБЕРЛІГІН АРТТЫРУ

Шәкір К.Е., Ризабекова Ә.Ж., Сәрсенбек Ш.Б.

1 курс магистратура студенттері;

Исмаилова Р.Б.

«Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасының сениор-лекторы, п.ғ.к.

«Алматы Технологиялық Университеті»

Қазақстан, Алматы қ.

Тукенова К.Т.

«Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасының қауымд. проф, п.ғ.к.

«Алматы Технологиялық Университеті»

Қазақстан, Алматы қ.

Аңдатпа

Ғылыми мақалада қазіргі жоғары білім берудің артықшылықтары мен кемшіліктері көрсетіліп, студенттердің кәсіби шеберлігін арттырудың мүмкін бағыттары атап өтілді. Мақалада студенттерді жоғары кәсіби білімге қолайсыз жағдай жасау арқылы дайындау маңыздылығы қарастырылған. Болашақ маманды дайындаудың оқу процесінде, тәжірибелік іс-әрекеттерге назар аударудың маңызы өте зор.

Кілтті сөздер: жоғары кәсіптік білім, оқыту әдістері, қатемен жұмыс, күйзеліс, танымдық белсенділік, тәжірибе, ыңғайсыздық дәрежесі, меңгеру, семестр.

Аннотация

В научной статье показаны преимущества и недостатки современного высшего образования, а также отмечены возможные направления повышения профессионального мастерства студентов. В статье рассматривается важность подготовки студентов к получению высшего профессионального образования путем создания некомфортных условий. В образовательном процессе подготовки будущего специалиста очень важно уделять внимание практической деятельности.

Ключевые слова: высшее профессиональное образование, методы обучения, работа над ошибками, стресс, познавательная активность, опыт, степень дискомфорта, освоенность, семестр.

Білім беру жүйесі еңбек нарығының сұранысына қарай өзгеріп отыруы керек. Ұлттық экономиканың бірқатар саласында кадр тапшылығы қатты сезілуде. Әсіресе, техникалық және жұмысшы мамандар жетіспейді. Сондықтан осы салаларға қатысты білім берумен мықтап айналысқан жөн. Оқу орындары түлектерге жұмыс бере алатын мекемелермен ұзақ мерзімге арналған әріптестік орнатуы қажет. Экономиканың басымдықтарына, аймақтың және саланың ерекшеліктеріне байланысты тиімді қаржыландыру тәсілдері керек. Еліміздегі демографиялық өсім білімге деген сұранысты арттырады. Мемлекеттің білім саласына қатысты жұмысында тұтастық, яғни жүйе жоқ [1].

Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев

Педагогтың негізгі мақсаты - балалардың өз еркімен дамуына жол ашу, оқу-тәрбие процесінде оқушылармен педагогикалық ынтымақтастықтар, жұмыс атқарудың формаларын, әдістерін дамыту, шәкіртке деген қамқорлық пен сүйіспеншілікті арттыру педагогикалық

шеберліктерінің басты сипаты болып табылады. Білім беру саласында қоғам қойған міндеттерді шешу үшін ұстаздар педагогикалық шеберлікке ие болуға тиісті. Қазіргі таңда жоғары оқу орындарында болашақ мамандарды даярлау ісін қайта қарау, оның мазмұны мен құрылымын өзгертуді ғана талап етпей, сонымен қоса оның бүкіл бағдар бағытын түбегейлі жетілдіруді керек етіп отыр [2].

Бүгінгі таңда жоғары оқу орнын бітіруші түлектерде көптеген қорқыныштар бар. Болашақта мамандық бойынша қалай жұмыс жасаймын? Білімім жеткілікті ме? Статистикаға сүйенсек жоғары оқу орнын тәмәмдаған түлектердің 60 пайызы өз мамандығы бойынша жұмыс істемейді. Жұмыста қиындықтарға тап болып, күйзеліске кіріп кететін мамандар саныда өте көп. Бұл жоғары оқу орындарында осы кезең дайындығына деген сұранысты арттыруда.

Оқу процесі кезінде көп жағдайда студенттің белсенді болуы талап етіледі. Алайда тек белсенді болу жеткілікті ме? Әлде оқу процесінің қалай жүргізілгені де әсер етеді ме? Біздің зерттеуіміз бойынша кәсіби білім мен дағдыларды қалыптастыру үшін оқу процесінде жаңа әдістерді қолданған жөн. Соның бірі тәжірибелік сабақтарда қолайсыз жағдай жасау арқылы кәсіпте кездесетін проблемаларды шешу, яғни кәсіби ойын жүргізу.

Сабақты ұйымдастырудың мұндай формалары сабақты ойын-сауық іс-шарасына айналдырмауы керек, өйткені бұл болашақ мамандық туралы қате пікірді қалыптастырады.

Біріншіден, студенттер оқу процесі барысында кәсіби қызметінде қандай күрделі мәселелерге тап болатынына алдын-ала дайын болады.

Екіншіден, болашақ маман ретінде жұмыс орнында кездесетін кәсіби қателіктер болған жағдайда күйзеліске кіріп кетуді болдырмайды. Өкінішке орай, біз әрқашан басқа адамдардың қателіктерінен сабақ ала алмаймыз, ал өз қателеріміз біз үшін тым қымбатқа түсуі мүмкін. Осындай жағдайларда бастысы эмоционалдық күйзеліске кірмеу, ал қолайсыз жағдайларды оқу процесінен бастап өткізген жағдайда, болашақ маман бұл жағдайға алдын-ала дайын болады.

Үшіншіден, студенттер оқу процесінде алынған материалдардың маңыздылығын түсіне бермейді.

Имитацияланған кәсіби мәселерді белгіленген уақыт ішінде тек арнайы білімді қолдану арқылы шешу, студенттерді бағдарламадан тыс материалдарды саналы тұрғыда, өз еркімен оқуға ынталандырады [3].

Мұндай сабақты жоспарлау келесідей алгоритмде болуы мүмкін:

- Сабақ тақырыбы бойынша проблемалық жағдайды таңдау. Мысалы, «Өндіріс дамуын басқару». Проблема: өндірістік процесстің тиімді жүзеге асуын қамтамасыз етуі үшін, басқару деңгейлерінде жоспар құру кезінде өкілеттіктерді бөлу;

- Тапсырманы орындау үшін қысқаша нұсқаулықтарды дайындау;

- Тапсырманы орындау үшін қажетті ақпаратты дайындау. Берілген тапсырманы орындау барысында қосымша ақпарат қажеттілігі туындайтындайдай шешімі қиындатылған тапсырмаларды беру және әр студент сұрауы бойынша ақпараттандыру;

- Студенттер арасында рөлдерді алдын ала бөлу;

- Сабақ уақытысында қолайсыздық дәрежесін анықтау. Бұл жағдайда келесіге дайын болу керек:

1. Студенттерде ақпарат неғұрлым аз болған сайын, ыңғайсыздық дәрежесі соғұрлым жоғары болады;

2. Студенттердің қабілеттері неғұрлым төмен болса, студенттердің тапсырманы орындамауы немесе орындаудан бас тарту ықтималдылығы жоғары болады;

3. Ыңғайсыздық дәрежесі неғұрлым жоғары болса, мұғалім беделінің төмендеу ықтималдылығы жоғары болады;

4. Мұғалім оқушыларға мұндай жұмысты орындатқаннан кейін оның қажеттілігін неғұрлым егжей-тегжейлі түсіндірсе, келесі ұқсас тапсырманы орындау кезінде оқу ынтасы соғұрлым жоғары болады [3].

Бұл ойын барысында әр студент сол бір саланың маманы болады және өз рөлдеріне байланысты белгілі бір жұмысты атқарады. Мұғалім басшы рөліне түсіп, өндірістегі (біздің мысал бойынша) болатын атмосфераны туғызады. Мұндай атмосфераны туғызу болашақ маманға студент кезінен мамандығының қыр-сырын меңгеруге көмегін тигізеді. Осал тұстарын жетіктіру үшін, мұғалім әр студентке жеке тапсырмалар беріп, нәтижелерін әр сабақтан кейін жазып, бір семестр барысындағы прогрессін бақылай алады.

Тәжірибе теріс нәтиже көрсеткен кезде «Қатемен жұмыс» жұмыстары өткізіледі, бұл кезеңде студенттер өздерінің сәтсіздіктерінің себебін түсініп, белгілі мақсатты жүзеге асыру нұсқаларын таба алады, ұсына алады.

Мұнда ең бастысы – студенттермен орныққан қарым-қатынас және проблемалық жағдайды, тапсырманы кәсіби бағдарлау.

Қолайсыз жағдай жасау арқылы өтетін сабақтан кейін студент оқу мативациясын арттырып ғана емес, сонымен қатар сыни ойлау, өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру процесін кешенді басқару қабілеттерін иемденіп, болашақ жұмысында кездесетін мәселелерге тойтарыс бере алады.

Кез келген жеке тұлғаның кәсіби шеберлігін арттырудағы бірлестіктің ықпалы, кәсіби дайындығы, білім мен біліктері, кәсіптің дұрыс бағытта жүруі тек іскерлік қызмет арқылы жүзеге асады. Мұндағы кәсіби шеберліктің міндеттерді өз бетімен шеше білу қабілеті, оның берілген нұсқауларға жалтақтамай, өзіндік тәжірибесіне сүйене отырып, кез-келген қиын жағдайлардан жол таба алумен байланысты. Сонымен қатар өзіндік білімін жетілдіру, ұдайы ізденісте болу кәсібінің бір бөлігі. Қазіргі қоғам адамнан прогрессивті ойлай алатын белсенді әрекетті, жан-жақты болуды талап етеді. Өйткені адамның қоғамдағы алатын орны, атқаратын қызметі сол қоғамның дамуымен тікелей байланысты. Қоғамда «орындаушы» адамнан гөрі «кәсіби шебер» адамға деген сұраныстың көп екенін қазіргі өмір талабы дәлелдеп отыр. Бүгінге дейін негізінен кәсіби шеберлердің кәсіптік жұмысы сараланып қана келсе, енді жоғары оқу орындарында қолға алынғалы отыр [4].

Әрине, мұғалімге дайын материалды студентке бере салған, оны бірге ашуға қарағанда жеңіл және жылдамырақ. Ғалымдардың зерттеуінше «тыңдау» арқылы келген ақпараттар тек 20 пайызға ғана біздің санамызда сақталады. Сондықтан қолайсыз жағдай жасау арқылы бір тақырыпты зерттеу, пайымдау, талқылау, болжам жасау, шындықты дәлелдеп студенттермен қарым-қатынас орнатқан кезде, ақпарат жақсы сақталады. Бұл өзін-өзі ақтайтын дидактикалық әдістеме. Көрнекті неміс мұғалімі А.Дистервег даму мен білімді кез келген адам ала-алмайды, оны әр адам өз күшімен зерттеген кезде ғана ала-алады деген болатын. Мұғалімнің басты міндеттерінің бірі – студенттердің жаңа білім алуы үшін оқу материалын шығармашылық түрлендіру, ұйымдастыру, танымдық белсенділігін арттыру. Танымдық белсенділікті арттыруға бағытталған жұмыс дегеніміз – студенттердің оқу әрекетіне деген оң көзқарасын қалыптастыру, олардың оқытылатын пәндерді тереңірек білуге құштарлығын дамыту. Әлсіз оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытып, қабілеті жоғары оқушылардың дамуында тоқтап қалуына жол бермеу, күрделі тапсырмаларды шешуде әркімге ерік-жігерді, күшті мінезді, алғырлықты тәрбиелеуге үйрету қажет. Әрбір мұғалімнің кәсіби шеберлік сапасына қойылатын талап немесе кәсіби теориялық білімі мен практикалық біліктілігі –құзыреттілік пен кәсіби шеберлігінің сапасы ретінде қаралады. Құзыреттілікті нәтижеге бағытталған білім беру жүйесінің сапалық критерийі ретінде қарау, зерттеу, бүгінгі күн талабы.

Әдебиет:

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» . — Текст : электронный // Ақорда : [сайт]. — URL: <https://www.akorda.kz/> (дата обращения: 02.10.2023).

2. Педагогикалық шеберлік негізі неде?. — Текст : электронный // Инфоурок : [сайт]. — URL: <https://infourok.ru/doklad-pedagogikali-sheberlik-negizi-nede-296216.html> (дата обращения: 02.10.2023).
3. Демьянова, М. В. Погружение обучающихся в некомфортную среду / М. В. Демьянова, Е. А. Исайкина. — Текст : непосредственный // ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В ОБРАЗОВАНИИ. — г. Тюмень : Международной научно-практической видеоконференция, 30 ноября 2016 г. . — С. 17-18.
